

**ОСПАНОВ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М.  
КАК РАЗВИВАЛОСЬ ДЕЛО ИЗГОТОВЛЕНИЯ ДОМБРЫ?**

*За исключением аль-Фараби, Абая и Чокана, выходцев из казахстанских земель, инструментальная наука в Казахстане началась только в 1964 году. Среди населения встречаются домбра, кылкобыз, сыбызгы и др. Хотя и были производители традиционных музыкальных инструментов, они не занимались этой работой и не открывали мастерских. Домбра изготавливается только из массива дерева. Изготовление с использованием составных частей появилось позже.*

*В этой статье рассматривается, как и когда в Казахстане делали домбру, как улучшить качество нашего национального инструмента.*

**Ключевые слова:** домбра, кюй, искусство, мастер, музыка, мастерская, музыкальный инструмент.

**OSPANOV, S., MYRZAGALIYEVA, K.M.  
HOW DOMBRA PRODUCTION DEVELOPED?**

*Except for al-Farabi, Abai and Chokan, who came from Kazakh lands, the science of instrumental science began to be practiced in Kazakhstan only in 1964. Among the population there are dombra, kylkobyz, sybyzgy, etc. Although they were the creators of traditional musical instruments, they were not engaged in this work and did not open workshops. The dombra is made only of solid wood. Manufacturing with use of the component parts appeared later.*

*This article examines how and when the dombra was made in Kazakhstan, how to improve the quality of our national instrument.*

**Key words:** dombra, kui, art, master, music, workshop, musical instrument.

ӘОЖ 82.0(574)

**Оспанұлы, С.**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теориясы  
кафедрасының профессоры*

**Мырзағалиева, К.М.**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,  
Қостанай, Қазақстан*

**ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР А.В. ЗАТАЕВИЧКЕ ҚАНДАЙ ӘНДЕР ЖАЗДЫРДЫ?**

**Түйін**

*Мақалада музыка зерттеушісі А.В. Затаевичке қазақ әндерін жаздырған қостанайлықтар, олардың кім екендіктері, мамандықтары, қанша, қандай әндер бергені сөз болады. Сондай-ақ оларға қазақ әндері мен күйлерін жинап, нотаға түсірген музыка зерттеушісі Александр Викторовичтің берген бағасы да айтылады.*

**Кілт сөздер:** музыка, ән, күй, дәстүр, әнші, күйші, театр.

**1 Кіріспе**

Қазақ халқының музыка мәдениетіне зор үлес қосып, оның ілгері басуына ықпал еткен айтулы тұлғалардың бірі – ұлты поляк Александр Викторович Затаевич.

Қазақтың дәстүрлі музыкасымен ол 1920 жылы Орынбор қаласына қызмет бабымен келгенде танысады. Алғаш оған қызыға қарап, әуендерді құмарта тыңдаған ол оның ұшан-теңіз байлығына көз жеткізеді. Сөйтіп, халық мұрасын жинап, зерттей бастайды. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталмай жатып, азамат соғысы басталған елді аштық, ауру меңдеген

қиын-қыстау кез еді. Соған қарамастан, әнге, күйге құштар ол жасының ұлғайғанын да ескермей халық музыкасын жинауға аса құштарлықпен кіріседі. Оған Мәскеуде Әлихан Бөкейханұлы бастаған, Орынборда тұратын Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бар, барлығы музыка зерттеушісін қазақ өнеріне қатысты мағлұматтармен таныстырып, қай жерге барып, кіммен кездесуі керек екендігі туралы бағыт-бағдар беріп отырған [1].

## 2 Материалдар мен әдістер

Әрине, жалғыз А. Затаевич қана емес, оған сол кездегі халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен жүргізілген халық ағарту комиссариатының Ғылым бөлімі қызметкерлері мен қазақ оқығандарының қосқан үлесі де аз болған жоқ. Оны Александр Викторовичтің өзі де кітаптың алғысөзінде жазып көрсеткен. «Өнері барлардың барлығын да өз орындауларында жазып ала бердім, – дейді ол. – Қазақ ССР Халық комиссарлары (Ә. Жангелдин, М. Саматов, С. Сейфуллин), қазақ интеллигенциясының барлық деңгейдегі өкілдері, саяси, қоғамдық орындарда қызмет істейтін қоғам қайраткерлері (Е. Алдоңғаров, Ж. Аймауытов, Г. Бөкейханов, Б. Майлин, Қ. Медетов, А. Оразбаева, А. Мұқашев және т.б.), кәсіби әншілер, халық арасында жүрген күйшілер, студенттер, рабфактардың курсанттары мен оқушылар, балалар коммунасының тәрбиеленушілері, кеңес-партия мектебінің, кавалерия мектебінің командалық құрамдары, Қазақ халық ағарту институтының, әскери-саяси, ветеринариялық, әйелдер курстарының қызметкерлері мен қатысушылары, тіпті жазаларын өтеп жатқандар» [2].

Жоғарыда зерттеушінің өзі атап өткендей Әліби Жангелдин «Жолдыбек», «Шалқыма» (III), «Шалқыма» (IV), «Халәлім», «Еділ бойы» (III), «Ескі ән» (V), «Ескі ән» (VI), «Қоңыржай» (VI), «Кінә өзіңнен» әндерін жаздырады.

## 3 Нәтижелер

1959 жылы Алматының Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан жарық көрген «Қазақтың Советтік халық әндері» жинағында: «Ұмтыл алға, кіші інім», «1 000 ән», № 815 Революциялық ән. Бұл әнді салып берген Әліби Жангелдин (1884-1953), Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі және революциялық, қоғамдық ірі қайраткер. Ол Қостанай облысы Торғай ауданында (қазіргі Жангелдин ауданы) «Қайдауыл» деген жерде туған.

Қазақ халық музыкасын жете білгіш және тамаша орындаушы Ә. Жангелдин 1923 жылы Мәскеудегі Үлкен театрда болған зор мәдени шара «Ұлттар кешінде» ән салған. Затаевич бұл әннің тексін жазбай, тек мелодиясын ғана жазып алған. Ән сөзсіз болғанымен де оның көтеріңкі, жарқын мар екпінді музыкасы өлеңнің мазмұнын жеткілікті түрде айқын сипаттады деп жазыпты [3].

Мұны қазір екінің бірі біле бермесі анық. Әліби сондай-ақ Қаралдин Байқадаммен (композитор Бақытжан Байқадамовтың әкесі – С.О.) бірігіп «Жаймашуақ», «Төскей», «Ақ тас» әндерін де берген. Байқадам Қаралдин тағы да үш ән – «Гәгигәк», «Сендір, қалқам», «Телқоңыр» әндерін жаздырған. Б. Қаралдин – композитор Бақытжан Байқадамовтың әкесі.

А. Затаевич қазақтың алғашқы журналистерінің бірі ақын Мұхамеджан Сералиннен үш ән жазып алыпты. Олар – «Аттары» (II), «Қаратау», «Қос алқа».

Елубай Өмірзақов «Гегегеу» (I), «Акерке, жаным-ай», «Шалқаркөл», Жұмабек Жансарин «Базыбек әні», Мырзағазы Есполов «Ақирек», Сәбитбек Ысқақов «Көкек», «Қараторғай», «Зұлқия», «Күләйжан» (II), «Аужар», тағы да төрт ән жаздырыпты.

Е. Өмірзақов жайында А. Затаевич «... қазақ драма театрының іргесін қалаушылардың бірі. Халық өлеңдерін тамаша орындайды және жете бағалай біледі. Елубай Қазақ ССР халық артисі «Екпінді мен жалқау» әні халықтың айтыс дәстүрін дамытып пайдалануының айрықша бір түрі» деп жазыпты [3].

Ж. Жансарин – аудандарда лауазымды қызметтер атқарған адам. «Қостанай таңы» газетінде ұзақ жыл қызмет істеген журналист Хамит Жансариннің әкесі.

М. Есполов – журналист, публицист. 1891 жылы Әуликөл болысында туған. Саяси қуғын-сүргін құрбаны.

Ахмет Байтұрсынұлы шебер күйші де, әдемі қоңыр дауысы бар жақсы әнші де болған. Скрипка тартып, күйсандықта да ойнаған.

А. Байтұрсынұлы А.В. Затаевичке «Есенжол жыршының әні» (I), «Шырқау», «Дауыс», «Ай-хай, Ғазиза!», «Жар-жар» (III), «Кел-кел, екеуміз-ай!», «Көрұғлы» (II), «Қаләй-лім», «Мұқаның әні», «Биғаның әні», «Жыршы әні» (II), т.б. барлығы 40 ән ұсынып, ноталарын жаздырады.

1923 жылы 22 тамызда Халық комиссариатының отырысында өнер зерттеушісі, этнограф А.В. Затаевичке қазақ әндерін жинап, кітап етіп бастыру үшін қаражат бөлу мәселесі сөз болады. Осы жиында Халық комиссары Ахмет Байтұрсынұлы орыс және қазақ тілінде «Қазақ халқының бай музыкалық мұрасы туралы» деген тақырыпта сөз сөйлеп, музыкалық аспаптар жасайтын Орынбор шеберханасын қаржыландыру керектігін де айтады [1].

Ахаңның ондағы мақсаты – қазақ музыкалық аспаптарын жасату болатын. Алайда оның бұл ойы «қаржы жетіспейді» сылтауымен жүзеге аспайды.

Бейімбет Майлин домбыра тартып, ән салған. Жазудан шаршап, бір уақ сергіп қалу үшін қолына домбырасын алып, ән салатын әдеті болыпты. Ұлы жазушы әсіресе, «Қостанайдың төл әні «Уғай-ай» мен Балуан Шолақтың «Ғалиясын» қоңыр жайлатқанды ұнатқан» [4].

Сәбит Мұқанов «Ғалияның» Бейімбет орындайтын түрін басқа ешкімнен естімегенін айтса, қаламдас досы Бейсенбай Кенжебаев «кейде ақырын ысқырып, әндетіп отыратын, ән-күйге бейім болатын» дейді.

Александр Викторович «Жас та, талантты қазақ журналисі, әрі ақын қостанайлық әуендердің әуесқойы Баймұхаммед Майлиннің маған жаздырған дүниелері құнды болды» [4], – деп жазды.

Сәбит Мұқанов та домбыраны жансерік еткен тұлға. Жазушы Ақан серінің «Мақпал», «Қараторғай», «Ғаләлім», «Қос алма» әндерін нәшіне келтіре орындаған. Сәбең айтқан бұл әндерді А. Затаевич жазып алып, «Қазақ халқының дәстүрлі 1000 әніне» қосқан.

Аманғали Сегізбаев (1897-1944) – Қостанай облысының қазіргі Денисов ауданындағы Ақсу ауылында дүниеге келген. Журналист, жазушы, өлең де жазған, фельетонист [5].

Аманғали алғаш ауыл молдасынан дәріс алып, кейін Троицк қаласындағы «Уэзипа» медресесіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады. 1915-1917 жылдарда ауылдағы мектепте мұғалім болып, бала оқытады.

1918 жылы Қостанайдың мұғалімдер курсына оқып жүрген кезінде жастардың басын қосып, ойын-сауық үйірмесін ұйымдастырады. Сол кездің өзінде әдебиетке құштар жас «Қаламқас» атты пьеса жазып, оны сахнаға шығарады. Басты кейіпкерді өзі сомдаса, Қаламқасты Ерғали Алдоңғаровтың қарындасы Рахима ойнайды.

1919 жылы курсты бітірген соң тағы да ауылға барып мұғалімдік қызметін жалғастырады. Мұғалім бола жүріп газеттерге мақала да жазып тұрады.

1921 жылы Аманғали уездік оқу бөлімінің жанынан құрамында 21 адам бар көркемөнерпаздар тобын құрып, ауылдарға шығып ән салып, күй тартып өз өнерлерін көрсете бастайды. Сол топтың арасында кейін қазақтың Халық әртістері болған Серке Қожамқұлов пен Елубай Өмірзақов та бар еді.

1923 жылы Орынборда шығып тұрған «Жас қазақ» журналына жауапты хатшы қызметіне шақыртылады. Сөйтіп оның журналистік, жазушылық қызметі басталады.

1939 жылы журналистика институтын бітіріп, аудандық «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, кейін қазіргі «Егемен Қазақстан» («Еңбекші қазақ») газетінде жауапты қызметтер атқарады.

Әнші, журналист-жазушы А. Затаевичке «Жан сәулем», «Гүлжан-ай», «Маман бай» әндерін жаздырған.

Аманғали Сегізбаев 1942 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің Жамбыл облысындағы тілшісі болып жүрген кезінде Ұлы Отан соғысына аттанып, Кенисберг түбінде қаза тапқан.

А. Затаевичтің айтуы бойынша кезінде Орынбор қаласында Ерғали Алдоңғаровтан асқан әнші болмапты.

Ерғали Баймұхамедұлы Алдоңғаров 1900 жылы Қостанай облысындағы Федоров уезінде, Шұбартеңіз болысында туған. Қазақстан коммунистік жастар одағын ұйымдастырушылардың бірі, журналист, баспагер.

1916 жылы екі кластық орыс-қырғыз (қазақ – С.О.) училищесін бітіріп, 1917 жылы Се-лебедегі (Челябинск) бір саудагердің мал дайындау кеңсесінің есепшісі болады. 1918 жылы екі жетілік партия мектебінде оқып, 1919 жылы Қостанай уездік халық ағарту бөлімінің нұсқаушысы, кейін аз халықтар бөлімі меңгерушісі қызметін атқарады.

1921 жылы республикалық Комсомол жастар одағының қырғыз бюросының баспа бөлімінің меңгерушісі, «Қызыл Қазақстан» журналының («Қызыл Қазақстан» –Қазақстанның қазіргі ұлттық қоғамдық-саяси журналы – «Ақиқат». С.О.) және «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакциялық алқасының мүшесі болады.

1922 жылы Түркістан Коммунистік жастар одағы комитетінде Қазақстанның өкілі, оның мүшесі, «Жас қайрат» жастар газетінің жауапты редакторы қызметіне тағайындалады.

1923-1924 жылдары өлкелік тәжірибелік коммуна мектебінің меңгерушісі, «Жас қазақ» және «Лениншіл жас» газеттерінің жауапты редакторы, Қырғыз (Қазақ) Мемлекеттік баспасының жас ұландар секторының меңгерушісі, 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газеті редакциясының жауапты хатшысы болады, кейін аудармашылық қызметпен айналысады. Ерғали Алдоңғаров Қазақстанның бірінші, екінші, үшінші съездерінің делегаты [6].

А. Затаевич ол жайында: «Музыка жөнінен өте дарынды жан, тамаша әнші және сезімтал музыкант, әнді бар ынтасымен кең толғап, қоңыраудай сыңғырлатып салғанында дауысы құбылып, әшекейленіп, ерекше бір стильді, айрықша сұлу болып шығады» [3], – дейді.

Мұхаммеджан Фазылов – медицина ғылымдарының докторы, профессор (1987), Қазақ ССР-ының еңбек сіңірген дәрігері (1947), Қазан мемлекеттік университетінің медицина факультетін бітірген (1929). Алматы ауруханаларында терапевт (1929-1933), Жамбыл облысының Мерке ауданында дәрігер (1933-1934), Шымған санаторийінде бас дәрігер (1934-1937), Алматы медицина институты неврология кафедрасының доценті (1937-1938), меңгерушісі (1938-1941) қызметтерін атқарған. Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеу Орталық округтік госпитальда дәрігер, ординатор, бөлім меңгерушісі және госпиталь бастығы (1942-1947) болған. 1947-1976 жылдар аралығында Алматы медицина институтының неврология кафедрасының меңгерушісі, 1976 жылдан республикалық I-аурухананың бас консультанты қызметін атқарған [7].

М. Фазылов жас кезінде өлең, мақалалар жазған. М. Сералиннің «Топжарған» поэмасының екінші нұсқасын жасаған. Домбыра тартып, ән салуды ұнатқан. Ол А. Затаевичке «Көрұғлы», «Жеңеше-ай», «Құрбым-ай», «Керегау» әндерін жаздырған. Ол туралы Затаевич «қоңыр дауысты, Қазанда оқуда жүріп әншілігін ажарлай түскен, айту мәнерінде сағынышпен созбалау басым, – деп жазады. – Кей-кейде ырғақ-сазды «татарландыруға» бейімдеу секілді».

#### 4 Талқылау

А. Затаевич «Апырай» әнін Қостанай облысының Қарабалық ауданында 1919 жылы туған Мина Сейітонадан жазып алғанын айтады. М. Сейітова зерттеуші ғалымға 300 бет қолжазба беріпті [3].

1934 жылы «Жарыста» деп аталатын тағы бір ән орындапты.

Мина Сейітова – Қазақ радиосының алғашқы дикторларының бірі.

Б. Майлин «Ауыл» газетінде қызмет істеп жүрген кезде Қостанай губерниясының түгел дерлік мұғалімдері газет төңірегіне топтасып, хабар-ошар, корреспонденциялар жазып тұрған. Солардың бірі Жұмаш Еленов еді.

1919 жылы Қостанай қаласындағы бұрынғы офицерлер клубы «Мұсылмандар клубы» аталып, оның қасынан өнерлі жастар бірігіп драма үйірмесін ашады. Бұл драма үйірмесін

ұйымдастыруда Бейімбет Майлиннің көмегі зор. Жұмаш Еленов бойында өнері бар жастарды түгел шақырып, өзі басшылық жасайды. Олардың арасында немере туыстар Мұхаметжан Фаризов пен Балдырған Мұхаметжанова, Серке Қожамқұлов, Рахима Алдоңғарова, Елубай Өмірзақов, Менетай Жақсылықов, Оразалы Аяқбаев, Әбдірахман Бектасов, Досмырза Нұрпейісов бар еді. Үйірме Б. Майлиннің «Қаламқас», «Бетім-ау, құдағи ғой», «Қасқырбай», «Неке қияр» атты шағын пьесаларын сахналайды. Оларды сахналаушы Жұмаш Еленов болады.

1925 жылы 1 қыркүйекте «Ауыл» газетінің екі жылдығы аталып өтеді. Соған орай арнайы бет ұйымдастырылып, онда газет тілшілерінің суреттері берілген. Олардың арасында Ж. Еленовтің суреті де бар. Еленовті «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке шақыртып алған да Бейімбет болуы мүмкін. Өйткені Ж. Еленов ол кезде республикаға танымал журналист емес еді.

«Еңбекші қазақта» қызмет істеп жүрген кезде А. Затаевич Жұмаш Еленовтен «Балжан», «Қобыланды», «Жоқтау» және Мұхамеджан Сералинге арналған «Серәлі ақын» әндерін жазып алып, кітабында оның Денисов уезінің Әйет болысынан екенін көрсетіпті.

### **5 Қорытынды**

1925 жылы А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», 1931 жылы «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты кітаптары дүниеге келді. Бұл халқымыздың музыкалық мұрасының молдығын, олардың рухани әлеміміздегі айрықша құбылыс екенін таныта түседі.

Қостанай облысынан барлығы 73 адам 318 ән жаздырыпты. Таң қаларлық жайт! Қазір ән айтып, домбыра тартатын осыншама адам облысымыздан табыла қояр ма екен?!

Қорыта айтсақ, ән мен күйлердің, жоғарыда айтқанымыздай, жиналуына да, жинақтың баспа бетін көруіне де қостанайлықтардың қосқан үлесі зор.

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Әкімжанов Б. Дала жауһарларын жаңғыртқан Затаевич // Қазақ әдебиеті, 12.04.2019.
- 2 Затаевич А. 1000 песен казахского народа. Киргизское Государственное издательство. – Оренбург, 1925. – С. 14.
- 3 Қазақтың Советтік халық әндері. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959. – Б. 418-423.
- 4 Боранғалиұлы Т. «Еңбекші қазақ» әндері // Егемен Қазақстан, 10.12.2014.
- 5 Қазақ Совет энциклопедиясы. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы. – Алматы, 1977. – 10 т. – Б. 97.
- 6 Оспанов С. Публицистика (оқулық). – Алматы: «САГА», 2001. – Б. 94.
- 7 Қазақ Совет энциклопедиясы. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы. – Алматы, 1977. – 11 т. – Б. 449.

*Мақала редакцияға түсті: 21.09.2020*

**ОСПАНОВ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М.**

**КАКИЕ ПЕСНИ ЗАПИСЫВАЛ А.В. ЗАТАЕВИЧ ИЗ УСТ КОСТАНАЙЦЕВ?**

*В статье говорится о костанайцах, из уст которых музыкальный исследователь А.В. Затаевич записал казахские песни, кто они, их профессия, сколько и какие песни были записаны. Также, приведена данная им оценка музыкальным исследователем Александром Викторовичем, который собирал и записывал казахские песни и кюи.*

**Ключевые слова:** музыка, песня, кюи, традиция, певец, кюиши, театр.

**OSPANOV, S., MYRZAGALIYEVA, K.M.**

**WHAT SONGS DID A.V. ZATAEVICH RECORD FROM KOSTANAY PEOPLE?**

*The article speaks about Kostanay people, from whose mouths the music researcher A.V. Zataevich recorded Kazakh songs, who they are, their profession, how many and what songs were recorded. Also, the assessment given by him is given by the musical researcher Alexander Viktorovich, who collected and recorded Kazakh songs and kui.*

**Key words:** music, song, kui, tradition, singer, kuishi, theater.